

**2015 ж. «01» желтоқсанда
акционерлердің кезектен тыс жиналысыныңшешімімен**



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ	
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТИ	
АЛМАТЫ АУДАНДЫҚ ӘДІЛЕТ БАСКАРМАСЫ	
2015 ж. - 02 03	зәнды
№ 6015-1910-02 16	
Алашты тұрғыдан кайташаудан күнінік	
2000 көңілкілік	03.11
МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН	
ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРСАДА АЛМАТА	
УПРАВЛЕНИЕ ЮСТИЦИИ АЛМАЛИНСКОГО РАЙОНА	
произведене государственная первоначальная регистрация	
юридического лица "02 03 2016 г.	
свидетельство № 6015-1910-02 10	
Дата первичной регистрации «03» 11 2005 г.	
БСН/БИН 05114000530	

**«CHINATOWN»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ
ЖАРҒЫСЫ**

Алматы қаласы, 2015 жыл

1 – бөлім. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. «CHINATOWN» акционерлік қоғамының (бұдан ері – «Қоғам» деп аталады) осы Жарғысы Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексіне, «Акционерлік қоғамдар тұралы» Қазақстан Республикасы Заңына және Қазақстан Республикасының өзге нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленген.

1.2. Қоғамның толық атауы:

- мемлекеттік тілде: «CHINATOWN» акционерлік қоғамы;
 - орыс тілінде: Акционерное общество «CHINATOWN»;
 - ағылшын тілінде: Joint Stock Company «CHINATOWN»;
- Қоғамның қысқартылған атауы:
- мемлекеттік тілде: «CHINATOWN» АҚ
 - орыс тілінде: АО «CHINATOWN»
 - ағылшын тілінде: JSC «CHINATOWN»

1.3. Қоғамның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050000, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Фурманов көшесі, 103, 505A кенсе.

1.4. Қоғамның қызмет мерзімі шектелмейді.

2 – бөлім. ҚОҒАМНЫҢ ЗАҢДЫҚ МӘРТЕБЕСІ

2.1. Қоғам заңды тұлға болып табылады және өзінің қызметін Қазақстан Республикасы заңнамасы, Қоғамның Жарғысы мен ішкі күжаттарының негізінде жүзеге асырады. Қоғам өзінің қызметін асыру үшін қаражат тарту мақсатымен акциялар шығаратын тұлға болып табылады.

2.2. Қоғам өз акционерлерінің мүліктірінен ерекшеленген мүліктеге иелік етеді және олардың міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Қоғам өз міндеттемелері бойынша өз мүлкі шегінде жауап береді.

2.3. Қоғамның акционері оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларды коспағанда, өзіне тиесілі акциялардың құны шегінде Қоғам қызметіне байланысты залалдарға тәуекел етеді.

2.4. Заңды тұлғаның құқықтары мен міндеттерін Қоғам ол Қазақстан Республикасының әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден еткен күннен бастап алады. Қоғамның өз атауы жазылған мөрі, дербес балансы, банктерге ағымдағы және басқа шоттары бар. Қоғам өзінің тауар белгісіне (тауар таңбасына) және рәмізіне иелік ете алады, олардың үлгілері белгіленген тәртіппен тіркеледі.

2.5. Қоғамның қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен реттеледі.

2.6. Қоғамның акциялары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес акционерлер мен шенбері шектелмейтін адамдар арасында орналастырылады.

2.7. Қоғам акционерлерінің саны шектелмейді.

2.8. Қоғам акционерлердің Қоғам акцияларын сатуына кедергі келтірге құқылы емес. Қоғам Қоғамның акцияларын сатуға нист білдіретін тұлғага ұсынылған бағадан асатын баға бойынша Қоғамның өзінің немесе үшінші тұлғаның сатып алуы туралы ұсыныс жасауга құқылы.

2.9. Сатып алу туралы ұсыныс акцияларды үшінші тұлғалар сатып алған жағдайда акциялардың саны, бағасы және сатып алушылардың деректемелері ері туралы мәліметтерді қамтуға тиис.

2.10. Қоғам өз атынан кез келген мәмілелер жасауга, мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтарды сатып алуға, міндеттерді көтеруге, сotta және аралық сotta талапкер, жауапкер және үшінші тұлға болуға құқылы.

2.11. Қоғам өз қызметінің максаттарына сәйкес өз мүлкін иеленуді, пайдалануды және билік жүргізуі жүзеге асырады. Қоғам оқшауланған мүлікке иелік етеді, дербес балансы болады және толыктай дербестілік, өзін өзі қаржыландауды және өзін актау негізінде әрекеттер жасайды.

2.12. Қоғам, өзінің қызметіне қажетті экспорттық және импорттық мәмілелерді жасау құқығын қоса алғанда, сыртқы экономикалық қызметті өз бетінше жүзеге асыруға құқылы.

2.13. Қоғам заңнамага сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде өзінің филиалдары мен өкілдіктерін, басқа тұлғалармен бірге шаруашылық серіктестіктерін және шаруашылық еншілес серіктестіктер құруга құқылы.

3-бөлім. СЕРІКТЕСТІК ҚЫЗМЕТИНІҢ МАҚСАТЫ, МӘНІ МЕН ТҮРЛЕРИ

3.1. Қоғам қызметінің мақсаты жарғылық қызметті жүргізу арқылы табыс табу болып табылады. Аталған мақсатта қол жеткізу үшін Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына тиым салынбайтын қызметтің мынадай түрлерін жүзеге асырады:

- мейманханалық қызметтің ұсыну;
- инвестициялық қызмет, соның ішінде бағалы қағаздар және жылжымайтын мүліктегер рыноғында;
- маркетингтік қызметтер, менеджмент, франчайзинг, шаруашылық субъект активтерін басқару;
- коммерциялық негізінде іскерлік кездесулер, симпозиумдарды, келіссөздерді және бизнес-турларын ұйымдастыру және өткізу;
- пайдалы қенбайлық орындарын барлау және қазу;
- сауда-саттық қызмет;
- халыққа қызметтер көрсету;
- жалпы коммерциялық қызмет;
- көтерме, бөлшек және комиссиялық сауданы ұйымдастыру;
- делдалдық қызметтер;
- колік-экспедициялық қызметтер, жүктөр мен жолаушыларды тасымалдау жөніндегі қызметтерді көрсету;
- халық тұтынатын тауарларды өндіру;
- жарнамалық-акпараттық қызмет;
- импорттық-экспорттық операциялар ;
- барлар, мейрамханалар, кафелер, жазғы аландар және т.б.ашу;
- өндірістік қызмет;
- ауыл шаруашылығының, мал шаруашылығының, ет-сүт өнімдерін өндіру, сатып алу, сақтау, кайта өндеу және өткізу;
- Қазақстан Республикасының колданыстағы заңнамасына сәйкес сыртқы экономикалық қызмет жүргізу;
- халық тұтынатын тауарларды, өндірістік-техникалық максаттарға өнімдері, құрылымдарды мен жабдықтарды өндіру және тауар биржаларында, сондай-ақ мемлекеттік және коммерциялық сауда желісі арқылы сату;
- ақпараттық, консультациялық, сервистік, полиграфиялық және делдалдық қызметтер көрсету;
- конак үй қызметтерінің кешені;
- маркетинг, инжиниринг, менеджмент, консалтинг, «ноу-хау»;
- түрлі ұйымдардың, кәсіпорындардың және мекемелердің уағдаластығы мен тапсырмасы бойынша жұмыстар мен қызметтердің алуын түрлерін орындау;

- емдеу-сауықтыру мекемелерін, дәріханалар ашу, сауықтандыру және әлеуметтік-тұрмыстық қызмет көрсету;
- Республикада және одан тыс жерлерде түрлі тектегі жылжымалы және жылжымайтын мұліктерді сатып алу және иеліктен айыру, сондай-ак құрыластардың немесе жекелеген үй-жайлардың құрылысын салу, жалдау;
- кен сұраныстағы тауарлар шығару жөніндегі түрлі бейіндегі цехтарды, шеберханаларды ашу;
- халыққа және ұйымдарға тұрмыстық қызмет көрсету;
- құрылыстың өндіріс және құрылыс қызметтерінің түрлі тектерін көрсету, жөндеу-құрылыс, монтаждау-құрылыс, іске косу-жөнге келтіру жұмыстарын орындау;
- көркемдік-ресімдеу, құрылыс-әрлеу жұмыстары;
- құрылыс материалдарымен көтерме, бөлшек сауда жасау.
- сәулеткерлік жобалауды, интеръер дизайнның өткізу;
- шетелдік қасіпорындармен, мекемелермен, ұйымдармен тікелей байланыстарды орнатады;
- заннамада тайым салынбаган қызметтің басқада түрлері;

3.2. Егер барлық қажетті рұқсаттар, лицензиялар мен сертификаттар тиісті мемлекеттік органдарда алынса, қызметтің барлық түрлері колданыстағы заннама шенберінде жүзеге асырлады.

4-бөлім. ҚОҒАМНЫҢ ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛЫ

4.1. Қоғамның жарғылық капиталы құрылтайдырылған акцияларды олардың нақтылы құны бойынша төлеу және инвесторлардың (инвестордың) Занда белгілеген талаптарға сәйкес айқындалатын орналастыру бағалары бойынша төлеуі арқылы қалыптастырылады және ол Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен көрсетіледі.

4.2. Қоғамның жарғылық капиталын ұлғайту Қоғамның жарияланған акцияларын орналастыру арқылы жүзеге асырлады.

4.3. Қоғамның орналастырылатын акцияларын төлеуге ақша, мұліктік құқықтар (соның ішінде зияткерлік меншік объектілеріне құқықтар) және өзге де мұлік енгізіліу мүмкін.

4.4. Ақшадан басқа, өзге де мұлікпен толеу Қазақстан Республикасының занндарына сәйкес берілген лицензия негізінде әрекет ететін бағалаушы белгілітін бага бойынша жүзеге асырлады.

4.5. Егер қоғамның орналастырылатын акцияларын төлеуге мұлікті пайдалану құқығы енгізілсе, мұндай құқыкты бағалау осы мұлікті пайдалануға толенетін ақының мөлшері негізге алына отырып, қоғамның оны пайдаланған бүкіл мерзіміне жүргізіледі. Аталған мерзім біткенге дейін қоғам акционерлері жалпы жиналышының келісімінсіз мұндай мұлікті алып қоюға тыйым салынады.

5-бөлім. ҚОҒАМНЫҢ АКЦИЯЛАРЫ ЖӘНЕ БАСҚА ҚАҒАЗДАРЫ.

5.1. Қоғам қарапайм және артықшылықты акциялар шыгаруға құқылы, бұл жағдайда қоғамның артықшылық берілген акцияларының саны оның жарияланған акцияларының жалпы санының жиырма бес пайзынан аспауы керек.

5.2. Қоғамның акциялары құжатсыз нысандан шыгарылады.

5.3. Акция болінбейді. Егер акция ортақ меншік құқығымен бірнеше тұлғага тиесілі болса, олардың бәрі бір акционер деп танылады және өзінің жалпы екілі арқылы акциямен күаландырылған құқықтарды пайдаланады.

5.4. Акцияның бір түрі оны иеленетін әрбір акционерге осындағы акциялар түрінің басқа иелерімен бірдей қолемде құқықтар береді.

5.5. Қоғам басқа да бағалы қағаздар шыгаруға құқылы, оларды шыгару, орналастыру, айналысқа салу және отеу талаптары мен тәртібі Қазақстан Республикасының занндарына белгіленген тәртіппен оның мұлкінің бір белгін алу құқығын береді.

5.6. Жай акция дауыс беруге енгізілтін барлық мәселерді шешкен кезде акционерге дауыс беру құқығымен акционерлердің жалпы жиналышына қатысу құқығын, Қоғамда таза табыс болған жағдайда дивидендтер, сондай-ак Қоғам таратылған жағдайда Қазақстан Республикасының занндарына белгіленген тәртіппен оның мұлкінің бір белгін алу құқығын береді.

5.6.1. Акционерлер-артықшылық берілген акциялардың иегерлері жеке-акционерлердің жай акцияларының алдында Қоғам Жарғысымен орнатылған алдын ала анықталған кепілді мөлшерде дивидендтер алуға, және Қоғамды Қазақстан Республикасының заннамасында орнатылған тәртіппен таратқан кездегі мұліктің бір болігіне артық құқыққа ие.

5.6.2. Артықшылық берілген акциялар акционерге қоғамды басқаруға катысуга құқық бермейді, келесі жағдайларды қоспағанда:

1) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналышы, шешімі бойынша артықшылық берілген акцияларға ие акционерлердің құқық шектеуі мұмкін мәселерді қарастырады. Мұндай мәселер бойынша шешімдер шектеуге орналастырылған (сатып алынғандарын қоспағанда) артықшылық акцияларының жалпы санының үштен екісінен кем емес дауыс берген жағдайда кабылданған болып есептелінеді;

2) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналышы қоғамды кайта ұйымдастыру немесе тарату жөніндегі мәселелерді қарастырады;

3) Артықшылық берілген акциялар бойынша дивидендтер оны төлеу үшін орнатылған мерзім аяқталған күннен бастап үш ай аралығында толық мөлшерде төленбеген.

5.7. Қоғамның акционерінің келесі құқықтары бар:

5.7.1. Занда және осы Жарғыда көзделген тәртіппен Қоғамды басқаруға катысуга;

5.7.2. дивидендтер алуға;

5.7.3. Қоғамның қызметі туралы акпарат алуға, оның ішінде акционерлердің Жалпы жиналышында немесе осы Жарғыда белгіленген тәртіппен Қоғамның каржы есептілігімен танысуга;

5.7.4. Қоғамның тіркеуішінен немесе нақтылы ұсташыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын раставтын үзінді кошірмелер алуға;

5.7.5. Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналышына Қоғамның Директорлар кеңесіне сайлау үшін кандидатура ұсынуға;

5.7.6. Қоғамның органдары қабылдаған шешімге сот тәрібімен дауласуға;

5.7.7. Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша саяул салуға және Қоғамға саяул келіп түскен күннен бастап отыз күн ішінде далелді жауаптар алуға;

5.7.8. Қоғам таратылған кезде мұліктің бір болігіне;

5.7.9. Занда белгіленген тәртіппен өз акцияларына айырбасталатын қоғамның акцияларын артықшылықпен сатып алуға;

5.8. Ирі акционердің, сондай-ак:

5.8.1. акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналышын шакыруды талап етуге немесе Директорлар кеңесі акционерлердің Жалпы жиналышын шакырудан бас тартқан жағдайда оны шакыру туралы талап-арызбен сотка жүгінуге;

5.8.2. Директорлар кеңесінде осы Жарғыға сәйкес акционерлердің Жалпы жиналышының күн тәртібіне қосынша мәселелер енгізуі ұсынуға;

5.8.3. Директорлар кеңесінің отырысын шакыруды талап етуге;

5.8.4. өз есебінен аудиторлық ұйымның Қоғам аудитін жүргізуін талап етуге құқығы бар.

5.9. Акционерлердің осы баптың 5.7 және 5.8-тармактарында белгіленген құқықтарын шектеуге жол берілмейді.

5.10. Қоғамның акционері:

5.10.1. акцияларды төлеуге;

5.10.2. осы акционерге тиесілі акцияларды Қоғамның тіркеушісіне және нактылы ұстаушыға Қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгерісі туралы он күн ішінде хабарлауға;

5.10.3. Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен коргалатын өзге де қупия болып табылатын акпаратты жариятпен;

5.10.4. Қазахстан Республикасы заңнамасына сәйкес аффилиренген тұлғалар, сондай-ақ аффилиренген тұлғалар құрамындағы өзгерістер туралы акпаратты тоқсан санын беруге;

5.10.5. Қазахстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа да міндеттерді орындауга міндетті.

5.10.6. Акционердің осы Жарғының 5.10.2.-тармағында белгіленген талаптарды орындауының салдары үшін Қоғам мен Қоғамның тіркеушісі жауапты болмайды.

5.10.7. Қоғам өз акцияларының шыгарылымы мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін акциялардың жарияланған мөлшері шегінде оларды бір немесе бірнеше орналастыру арқылы орналастыруға құқылы.

5.11. Қоғамның жарияланған акцияларының саны шегінде акцияларын орналастыру туралы шешімді Қоғамның Директорлар кеңесі қабылдайды.

5.11.1. Акцияларды орналастыру ұйымдастырылмаган бағалы қағаздар рыногында өткізілетін жазылу немесе аукцион не бағалы қағаздардың ұйымдастырылған рыногында өткізілетін жазылу немесе аукционда сату арқылы жүзеге асырылады.

5.12. Акционер артықшылықпен сатып алу құқығына сәйкес оған акцияны немесе қоғамның жай акцияларына айналдырылатын басқа бағалы қағазды сатып алуға өтініш беру үшін берілген отыз күннің ішінде акцияны немесе қоғамның жай акцияларына айналдырылатын басқа бағалы қағазды иеліктен айырған кезде, егер акцияның бүрінгі иесі мұндай өтініш бермеген жағдайда осы құқық акцияның немесе қоғамның жай акцияларына айналдырылатын басқа бағалы қағазды жаңа иесіне ауысады.

5.13. Жазылу арқылы Қоғам орналастыратын акциялар, акцияларды артықшылықты сатып алу құқығына сәйкес сатып алатын акционерлерді қоспағанда, осы орналастыру шегінде акцияларды сатып алатын барлық тұлғалар үшін бірдей сату бағасы бойынша сатып алуға тиіс.

Акционерлер акцияларды артықшылықты сатып алу құқығына сәйкес орналастыру туралы шешім қабылдаған қоғамның органды орналастыру бағасы орналастырылатын мүмкін негұрлым төмөнгі бағасы болып табылады.

5.14. Акцияларды орналастыру туралы шешім қабылдаған қоғамның органды осы орналастыру үшін белгілеген акцияларды орналастыру бағасы осы акциялардың сатылуы мүмкін негұрлым төмөнгі бағасы болып табылады.

5.15. Қоғамның Директорлар кеңесі орналастырылатын акциялардың санын ұлғайту және (немесе) орналастыру бағасын төмөндету туралы шешім қабылдаған жағдайда, бұл орналастыру Қазахстан Республикасының колданыстағы заңнамасында белгіленген және акционерлердің акцияларды артықшылықпен сатып алу құқыктарын белгілейтін ережелері ескеріле отырып жүргізіледі.

5.16. Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін калыптастыруды, жүргізуіді және сактауды Қоғамның тіркеушісі ғана жүзеге асыра алады, ол Қоғамның және оның аффилиренген тұлғаларының аффилиренген тұлғасы болмауга тиіс. Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізу, сондай-ақ ол бойынша үәкілдегі органга акпарат беру тәртібі Қазахстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңдарында белгіленеді.

5.17. Орналастырылатын акция толық төленгеге дейін Қоғамның осы акцияны Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесіндегі (нактылы ұстаушыны есепке алу жүйесіндегі) оны сатып алушының жеке шотына есептеу туралы бұйрық беруге құқығы жок.

5.18. Қоғам үәкілдегі органға Қоғамның жарияланған акцияларын толық орналастырганға дейін не оларды толық орналастырганнан кейін әрбір алты айдың (есепті жарты жылдық аяқталғаннан кейін бір ай ішінде) корытындылары бойынша өз акцияларын орналастыру корытындылары туралы есеп беруге міндетті.

5.19. Қоғамның акциялары бойынша дивидендтер акционерлердің Жалпы жиналысында Қоғамның дауыс беретін акцияларының жай көпшілігімен дивидендтер төлеу туралы шешім қабылданған жағдайда ақшалай немесе Қоғамның бағалы қағаздарымен төленеді.

5.20. Қоғамның артықшылықты акциялары бойынша бағалы қағаздармен дивидендтер төлеуге жол берілмейді.

5.21. Қоғамның акциялары бойынша оның бағалы қағаздарымен дивидендтер төлеуге акционердің жазбаша келісімі болған кезде осында төлем Қоғамның жарияланған акцияларымен және ол шыгарған облигациялармен жүзеге асырылатын жағдайда ғана жол беріледі.

5.22. Төленбеген дивидендтері бар акцияларды иеліктен алу, егер акцияларды иеліктен алу туралы шартта өзгеше көзделмесе, акцияның жаңа иесінің оларды алу құқығымен жүзеге асырылады.

5.23. Дивидендтерді алуға құқығы бар акционерлердің тізімі дивидендтер төлеу басталатын күннің алдындағы күні жасалуға тиіс.

5.24. Жай акциялар бойынша дивидендтерді төлеу мерзімділігі Акцияларды шығару проспектінде анықталады. Артықшылығы бар акциялар бойынша дивиденд төлеу жылына бір рет Қоғамның жылдық қаржылық есебі бекітілетін акционерлердің жылдық жалпы жиналысынан соң жүзеге асырылады. Дивидендтің кепілді мөлшері КР Республикалық бюджет туралы заңында тиісті қаржылық жылға белгіленген АЕК-тің 0,0009% құрайды. Артықшылығы бар акциялар бойынша дивидендтер толығымен төленбейінше, жай акциялар бойынша дивидендтер төленбейді. Артықшылығы бар акциялар бойынша дивиденд төлеу мерзіміне дейінгі бес жұмыс күні ішінде қоғам бұқаралық акпарат құралдарында немесе қоғамның корпоративтік веб сайтында дивидендтерді төлеу туралы акпаратты орналастыруға міндетті, онда төмөндеғілер көрсетілеу тиис:

- Қоғамның атаяу, орналаскан жері, банкілік және өзге дер реквизиттері;
- Дивидендтер төленетін мерзім;
- Дивидендтерді төлеу басталатын күн;
- Дивидендтерді төлеу тәртібі және түрі.

5.25. Акциялар бойынша дивидендтер қаржылық жылдың қорытындысы бойынша, сондай-ақ тоқсаның немесе жартыжылдықтың қорытындысы бойынша төленуі мүмкін. Қоғамның жай акциялары бойынша тоқсан немесе жарты жылдық қорытындылары бойынша дивидендтер төлеу тек кана акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен ғана жүзеге асырылады. Жай акциялары бойынша тоқсан немесе жарты жылдық қорытындылары бойынша дивидендтер төлеу туралы жалпы жиналыстың шешімінде бір жай акцияга келетін дивиденд мөлшері көрсетіледі.

Қоғамның жай акциялары бойынша жыл қорытындысы бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімді акционерлердің Жылдық жалпы жиналысы қабылдайды.

5.26. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылданған күннен бастап он жұмыс күні ішіндеге бұл шешім бұқаралық акпарат құралдарында жариялануға тиіс.

5.27. Қоғамның өзі орналастырмagan немесе сатып алмаған акциялар бойынша, сондай-ақ егер сот немесе Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысы оны тарату туралы шешім қабылдаса, дивидендтер есептелмейді және төленбейді.

5.28. Қоғамның жай акциялары және артықшылықты бойынша:

5.28.1. өз капиталының теріс мөлшері болған жағдайда немесе егер Қоғамның өз капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде теріс болса;

5.28.2. егер Қоғам Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңдарына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне сәйкес келсе не аталған белгілер Қоғамда оның акциялары бойынша дивидендтер төлеу нәтижесінде пайда болса, дивидендтер есептелмейді.

5.28.3. Қоғамның 5.19-тармақта көрсетілген органды Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім кабылданап, оны қабылдаган құнинен бастап он жұмыс құні ішінде бұқаралық акпарат құралдарында міндетті түрде жариялауга құқылы.

5.29. Акционер Қоғамның берешегінің пайда болу мерзіміне қарамастан, алынбаған дивидендтердің толенуін талап етуге құқылы. Оларды төлеу үшін белгіленген мерзімді дивидендтер төленбенгі жағдайда, акционерге дивидендтің негізгі сомасы және ақшалай міндеттеме немесе оның тиесілі болған орындаған құнға Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми қайта қаржыландыру ставкасына орай есептелетін өсімпұл толенеді.

5.30. Орналастырылған акцияларды Қоғамның бастамасы бойынша немесе акционердің талап етуі бойынша сатып алуы Қоғамның акцияларды сатып алынуы Занға сәйкес жүзеге асырылады.

5.31. Акционер Қоғамның акцияларын кепілге салуға құқылы. Акционер, егер жарғының шарттарында өзгеше көзделмесе, озі кепілге салған акциялар бойынша дауыс беруге және дивидендтер алуға құқылы.

5.32. Қоғам озі орналастырган бағалы қағаздарды кепілге алу мүмкін, егер:

5.32.1. кепілге берілетін бағалы қағаздар толық толенген;

5.32.2. Қоғамның сатып алған акцияларын коспағанда, Қоғамга кепілге берілетін және оның кепілінде жатқан акциялардың жалпы саны Қоғамның орналастырылған акцияларының жиырма бес процентінен аспаған;

5.32.3. кепіл туралы шартты Директорлар кенесі макұлдаған жағдайдаған кепілге кабылдай алады.

5.33. Егер кепіл талаптарында өзгеше белгіленбесе, Қоғам орналастырган және оның кепілінде даткан акциялар бойынша дауыс беру құқығы акционерге тиесілі болады. Қоғам озінде кепілде жатқан акцияларымен дауыс беруге құқылы емес.

5.34. Қоғамның бағалы қағаздарының кепілін тіркеу тәртібі Қазақстан Республикасының бағалы қағаздардың ыногы туралы заңдарына сәйкес белгіленеді.

6–бөлім. ҚОҒАМНЫҢ РЕЗЕРВТІК КАПИТАЛЫ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ҚОРЛАРЫ

6.1. Қоғамда Директорлар кенесінің шешімімен белгіленген мөлшер мен мерзімдерде резервтік капиталдың құрылуы мүмкін.

6.2. Қоғам озінің қызметтің жүзеге асыру үшін қажетті өзге де қорларды құруы мүмкін, олардың максаттары, мөлшерлерін, пайда болу көздері мен пайдаланылу тәртібін Директорлар кенесі белгілейді.

7–бөлім. ҚОҒАМНЫҢ ОРГАНДАРЫ

7.1. Қоғамның органдары болып табылатындар:

7.1.1. жоғарғы орган – Акционерлердің жалпы жиналысы;

7.1.2. басқару органы – Директорлар кенесі;

7.1.3. атқарушы орган – Бас директор.

7.2. Директорлар кенесінің шешімі бойынша бақылаушы орган – ішкі аудит қызметтің құрылуы мүмкін. Директорлар кенесінің шешімі бойынша Қоғамның өзге де органдары құрылуы мүмкін.

8–бөлім. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ

8.1. Акционерлердің жалпы жиналыстары жылдық және кезектен тыс болып болінеді.

8.2. Акционерлердің жыл сайынғы жалпы жиналысында Қоғамның жылдық жиналыстық есептілігі бекітіледі, Қоғамның аяқталған қаржы жылы үшін таза кірісін болу тәртібі және Қоғамның бір жай акциясына есептелген дивиденд мөлшері айқындалады, акционерлердің Қоғамның және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттің өтініштері және оларды қарау қорытындылары туралы мәселе каратады.

Директорлар кенесін төрағасы Директорлар кенесінің және Қоғамның атқарушы органдарының мүшелеріне сыйакы беру мөлшері және олардың құрамы туралы Қоғамның акционерлеріне хабарлайды.

Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы олар бойынша шешімдер кабылдау акционерлердің жалпы жиналысының құзыреттіне жатқызылған басқа мәселелерді де қарауга құқылы.

Акционерлердің жылдық жиналыстық жаржыларынан кейін бес айдан ғана агуында өткізіліуі тиіс.

8.3. Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыреттіне мына мәселелер жатқызылады:

8.3.1. Қоғам жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакциясында бекіту;

8.3.2. корпоративтік басқару кодексін, сондай-ак оған енгізілтін өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;

8.3.3. Қоғамды еркіті түрде кайта үйимдастыру немесе тарату;

8.3.4. Қоғамның жарияланған акцияларының санын үлгайту немесе Қоғамның орналастырылмаган жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім кабылдау;

8.3.5. Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мие тәртібін, сондай-ак оларды өзгертуінде айқындау;

8.3.6. Директорлар кенесінің сан құрамын, өкілдік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілдігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ак Директорлар кенесінің мүшелеріне сыйакы төлеудің мөлшері мен талаптарын айқындау;

8.3.7. Қоғамның аудиторларының жүзеге асыратын аудиторлық үйимді белгілеу;

8.3.8. жылдық жаржыларын есептілігін бекіту;

8.3.9. Қоғамның есепті қаржы жылдыңдағы таза табысын болу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім кабылдау және Қоғамның бір жай акциясына шакқандығы дивиденд мөлшерін бекіту;

8.3.10. 5.28-тармақта көзделген жағдайлар түннеге кезде Қоғамның жай және артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім кабылдау;

8.3.11. Қоғамның акцияларды еркіті делистингте туралы шешім кабылдау;

8.3.12. Қоғамда тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп проценттің құрайтын сомадагы активтерінің бір немесе бірнеше болғанға беру арқылы Қоғамның өзге заңды тұлғаларды құруға немесе қызметтіне катысуы туралы шешім кабылдау;

8.3.13. акционерлерді Жалпы жиналысына шакыру туралы Қоғамның акционерлерге хабарлау нысанын белгілеу және мүндай акпаратты бұқаралық акпарат құралдарында беру туралы шешім кабылдау;

8.3.14. Қоғам акцияларды Занға сәйкес сатып алған жағдайда олардың құнын белгілеу әдістемесіне және әдістемесіне өзгерістерді бекіту;

8.3.15. акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;

8.3.16. акционерлерге Қоғам жиыметті туралы акпарат беру тәртібін белгілеу, оның ішінде бұқаралық акпарат құралын аныктау;

8.3.17. шешім кабылдау Занға акционерлердің Жалпы жиналысының айрықша құзыреттіне жатқызылған өзге де мәселелер.

8.4. 8.3.1-8.3.4-тармақшаларында аталған мәселелер бойынша акционерлердің Жалпы жиналысының шешімдері Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының айқын басым көшпілігімен кабылданады. Акционерлердің жалпы жиналысының өзге мәселелер бойынша шешімдері Қоғамның дауыс беруге катысушы дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көшпілік дауысымен кабылданады.

- 8.5. Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамның ішкі қызметіне жататын мәселелер бойынша Қоғамның өзге органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.
- 8.6. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысын Директорлар кенесі шакырады.
- 8.7. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы Директорлар кенесінің не ірі акционердің бастамасы бойынша шакырылады.
- 8.8. Акционерлердің Жалпы жиналысын әзірлеу мен откізууді:
- 8.8.1. Бас директор;
- 8.8.2. өзімен жасалған шартқа сәйкес Қоғамның тіркеушісі;
- 8.8.3. Директорлар кенесі;
- 8.8.4. Қоғамның тарату комиссиясы жузеге асырады.
- 8.9. Акционерлердің жалпы жиналысын шакыру тәртібі Заңмен белгіленеді.
- 8.10. Акционерлердің жалпы жиналысына катысуға және онда дауыс беруге құқығы бар акционерлердің тізімін Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесіндегі деректер негізінде Қоғамның тіркеушісі жасайды. Аталған тізімді жасау күні акционерлердің Жалпы жиналысты откізу туралы шешім қабылданған күннен ерте белгіленбеуі керек.
- 8.11. Егер акционерлердің Жалпы жиналысына катысуға және онда дауыс беруге құқығы бар акционерлердің тізімі жасалғаннан кейін, осы тізімге енгізілген тұлға Қоғамның оған тиесілі дауыс беретін акцияларын иеліктен айырса, акционерлердің Жалпы жиналысына катысу құқығы жаңа акционерге ауысады. Бұл орайда акцияға менишік құқығын растайтын құжаттар табыс етілуге тиіс.
- 8.12. Акционерлерге алда Жалпы жиналыс откізілетін туралы жиналыс откізілетін күнге дейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірілмей, ал сырттай немесе аралас дауыс беру жағдайында - күнтізбелік қырық бес күннен кешіктірілмей хабарлануға тиіс.
- 8.13. Акционерлерінің Жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама бұқаралық аппарат құралдарында жариялануға не оларға жіберілуге тиіс. Егер Қоғамның акционерлерінің саны елу акционерден аспаса, хабарлама акционерге жазбаша жолдау арқылы жіберілуге тиіс.
- 8.14. Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысын өткізу туралы хабарландыруда:
- 8.14.1. Қоғамның толық атауы және орналасқан жері;
- 8.14.2. жиналысты шакыру бастамашысы туралы мәліметтер;
- 8.14.3 Қоғам акционерлері Жалпы жиналысының откізілетін күні, уақыты және орны, жиналыска катысушыларды тіркеу басталатын уақыт, сондай-ақ егер алғашкысы откізілмесе, Қоғам акционерлерінің откізілуге тиісті болған Жалпы жиналысының қайта откізілетін күні және уақыты;
- 8.14.4. акционерлердің Жалпы жиналысына катысуға құқығы бар акционерлердің тізімі жасалған күн;
- 8.14.5. акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібі;
- 8.14.6. Қоғам акционерлерін акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдармен таныстыру тәртібі.
- 8.14.7. Миноритарлық акционер акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібінде көрсетілген мәселелер бойынша шешімдер кабылдау кезінде басқа акционерлермен бірге максатында қоғамның тіркеушісіне отініш жасауға құқылы.
- Миноритарлық акционердін отініш беру және қоғам тіркеушісінің басқа акционерлерге аппарат тарату тәртібі бағалы қағаздар ұстаушыларының тізілімдер жүйесін жүргізу жөніндегі шартта белгіленеді.
- 8.15. Акционерлердің Жалпы жиналысының қайталап өткізууді акционерлердің бастапкы (болмай қалған) Жалпы жиналысы белгіленген күннен кейінгі келесі күннен ерте тағайындауға болмайды.
- 8.16. Акционерлердің қайталап откізілетін Жалпы жиналысы акционерлердің болмай қалған Жалпы жиналысы белгіленген жерде откізілуге тиіс.
- 8.17. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін Директорлар кенесі жасайды және онда талқылауға ұсынылатын мәселелердің накты тұжырымдалған толық тізбесі болуға тиіс. Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібі толықтырылатыны Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналыс откізілетін күнге дейін он бес күннен кешіктірілмей хабарланған жағдайда, ірі акционер немесе Директорлар кенесі күн тәртібін толықтыруы мүмкін.
- 8.18. Акционерлердің қатысу тәртібімен откізілетін Жалпы жиналысын ашу кезінде Директорлар кенесі күн тәртібін өзгерту жөнінде өзі алған ұсыныстар туралы баяндауға міндетті.
- 8.19. Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту Қоғамның жиналыста өкілдік еткен дауыс беретін акцияларының жалпы санының көпшілік даусымен жузеге асырылады.
- 8.20. Егер акционерлердің Жалпы жиналысына катысатын және Қоғамның дауыс беретін акцияларының жинақтап алғанда кемінде токсан бес процентін иеленетін акционерлердің (немесе олардың өкілдерінің) көпшілігі енгізууді жақтап дауыс берсе, күн тәртібіне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілуі мүмкін. Акционерлердің Жалпы жиналысының шешімі сырттай дауыс беру арқылы кабылданатын жағдайда акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін өзертегүе және (немесе) толықтыруға болмайды.
- 8.21. Акционерлердің жалпы жиналысы оның күн тәртібіне енгізілген мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы емес.
- 8.22. Егер акционерлердің Жалпы жиналысына катысушыларды тіркеу аяқталған кезде оған қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар, Қоғамның дауыс беретін акцияларының жинақтап алғанда елу және одан да көп процентін иеленген акционерлер немесе олардың өкілдері тіркелсе, жиналыс күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы.
- 8.23. Қоғамда есеп комиссияның функцияларын акционерлердің Жалпы жиналысының хатшысы жузеге асырылады.
- 8.24. Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу тәртібі Заңға, осы Жарғыға және Қоғамның ішкі қызметін реттейтін өзге де құжаттарға сайкес не акционерлердің Жалпы жиналысының тікелей шешіммен белгіленеді.
- 8.25. Акционерлердің жалпы жиналысы кворум болған жағдайда хабарлаган уақытта ашылады. Барлық акционерлер (олардың өкілдері) тіркелген, хабарланған және жиналыстын ашылу уақытын өзертегүе қарсылық білдірмеген жағдайларды қоспағанда, акционерлердің жалпы жиналасы хабарланған уақытынан ерте ашылмауы керек.
- 8.26. Акционерлердің жалпы жиналысы Жалпы жиналастың төрағасын (төралқасын) және хатшысын сайлайды.
- 8.27. Акционерлердің жалпы жиналысы ашық немесе жасырын (бюллетендер бойынша) дауыс беру нысанын белгілейді. Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасын (төралқасын) және хатшысын сайлау туралы мәселе бойынша дауыс беру кезінде әрбір акционердің бір дауысы болады, ал шешім қатысушылар санының жай көпшілік даусымен кабылданады.
- 8.28. Акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасында көрсетілген мәліметтердің толық және дұрыс болуы үшін жауап береді.
- 8.29. Акционерлердің Жалпы жиналысының шешімдері сырттай дауыс беруді өткізу арқылы қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру акционерлердің Жалпы жиналысына қатысып отырган акционерлердің дауыс беруімен (аралас дауыс берумен) бірге не акционерлердің жалпы жиналысының отырысы өткізілмей колдануы мүмкін. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу Заңға сәйкес сырттай дауыс беру арқылы жузеге асыралады.
- 8.30. Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру:

- 8.30.1. Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда бір акционерге берілетін акциялар бойынша дауыстардың ен көп санын шектеуді;
- 8.30.2. Директорлар кенесінін мүшелерін сайлай кезінде кумулятивтік дауыс беруді;
- 8.30.3. Акционерлердің Жалпы жиналышында дауыс беру құқығы бар әрбір адамға акционерлердің Жалпы жиналышын өткізудің рәсімдік мәселелері бойынша бір дауыстан беруді қоспағанда, «бір акция-бір дауыс» принципі бойынша жүзеге асырылады.
- 8.31. Дауыс беру корытындылары бойынша есеп комиссиясы функцияларын жүзеге асыруши тұлға дауыс беру корытындылары туралы хаттама жасап, оған қол қояды.
- 8.32. Акционердің дауыс беруге койылған мәселе бойынша ерекше пікірі болған жағдайда Қоғамның есеп комиссиясы хаттамаға тиісті жазба енгізуге міндетті.
- 8.33. Дауыс беру корытындылары акционерлердің дауыс беру өткізілген Жалпы жиналышының барысында жария етіледі.
- 8.34. Акционерлердің жалпы жиналышының дауыс беру корытындылары немесе сырттай дауыс беру інтижелері акционерлерге акционерлердің Жалпы жиналышы жабылғаннан кейін он күн ішінде оларды бұкаратлық ақпарат құралдарында жариялау немесе әрбір акционерге жазбаша хабарлама жіберу арқылы хабарланады.
- 8.35. Акционерлердің дауыс беру корытындылары туралы хабарландыру тәртібі осы Жарғының 13.2-тармагындағыға ұксас болады.
- 8.36. Акционерлердің Жалпы жиналышының хаттамасы жиналыш жабылғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде жасалып, қол қойылуға тиіс.
- 8.37. Акционерлердің Жалпы жиналышының хаттамасы дауыс беру корытындылары туралы хаттамамен, Жалпы жиналасқа катысу және дауыс беру құқығына берілген сенімхаттармен, сондай-ақ хаттамага қол қоюмен және хаттамага қол қоюдан бас тарту себептерінің жазбаша түсініктемелерімен бірге тігіледі. Аталған құжаттарды Бас директор сактауға және танысу үшін акционерлерге кез келген уақытта берілуге тиіс. Акционердің талап етуі бойынша оған акционерлердің Жалпы жиналышы хаттамасының қошермесі беріледі.

9- бөлім. ҚОҒАМНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

- 9.1. Занда және осы Жарғыда акционерлердің Жалпы жиналышының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Директорлар кенесі Қоғамның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.
- 9.2. Мынадай мәселелер Директорлар кенесінің айрықша құзыретіне жатады:
- 9.2.1. Қоғам қызметінің басым бағыттарын белгілеу;
- 9.2.2. Акционерлердің жылдық және кезектен тыс Жалпы жиналасын шакыру туралы шешім кабылдау;
- 9.2.3. жарияланған акциялардың саны шетінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;
- 9.2.4. Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
- 9.2.5. Қоғамның жылдық каржы есептілігін алдын ала бекіту;
- 9.2.6. Қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару талаптарын айқындау; Қоғамның ұйымдастық құрылымын бекіту;
- 9.2.7. Атқарушы орган сайлау, оның өкілдегі мерзімін белгілеу, сондай-ақ оның өкілдегілерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 9.2.8. Қоғамның өндіріс ұйымдастыру құрылымын бекіту;
- 9.2.9. Бас директорды сайлау, оның өкілдегі мерзімін белгілеу, сондай-ақ оның өкілдегілерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 9.2.10. Бас директордың лауазымдық айлықақыларының мөлшерін және оларға енбекақы және сыйлықақы төлеу талаптарын айқындау;
- 9.2.11. Атқарушы орган бастығын және мүшелерін айлықақыларының мөлшерін және оларға енбекақы және сыйлықақы төлеу талаптарын айқындау;
- 9.2.12. ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі енбекақы және сыйлықақы төлеудің мөлшері мен таланттарын айқындау;
- 9.2.13. корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілдегі мерзімін айқындау, оның өкілдегігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақасы мөлшерін және сыйакы шарттарын айқындау;
- 9.2.14. Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (бұған Қоғам қызметін ұйымдастыру максатында Бас директор қабылдайтын құжаттар косылмайды), оның ішінде аукциондар өткізу және Қоғамның бағалы қағаздарына қол қою шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;
- 9.2.15. ішкі аудит қызметінің күру туралы шешім қабылдау;
- 9.2.16. Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін күру және жабу туралы шешімдер кабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;
- 9.2.17. аудиторлық ұйымның, сондай-ақ Қоғамның акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміле нысанасы болып табылатын мүліктің нарыктың құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметіне акын төлеу мөлшерін айқындау;
- 9.2.18. бағалаушы мен аудиторлық ұйымның қызметтеріне акынның мөлшерін айқындау;
- 9.2.19. Қоғамның басқа занды тұлғалардың акцияларының он және одан да көп процентін (жарғылық капиталға катысу үлестерін) сатып алу туралы шешімдерін кабылдау, сондай-ақ олардың қызметі мәселелері бойынша шешімдер кабылдау;
- 9.2.20. он және одан да көп процент жарғылық капиталға катысу үлес бар занды тұлғаның мәселелері, жалпы акционерлердің шешімінде қарайтын сұраптар бойынша шешім қабылдау;
- 9.2.21. Қоғамның міндеттемелерін оның өзіндік капиталы мөлшерінің он және одан да көп проценті болатын шамага көбейту;
- 9.2.22. Қоғамның бұрынғы тіркеушиімен шартбұзылған жағдайда Қоғамның тіркеушиін тандау;
- 9.2.23. Қоғам немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе занмен қоргалатын өзге де құпия болып табылатын қызметі туралы ақпараттарды айқындау;
- 9.2.24. ірі мәмілелер және жасалуына Қоғам мүдделі мәмілелер жасасу туралы шешімдер кабылдау;
- 9.2.25. Занда және осы Жарғыда көзделген, акционерлердің Жалпы жиналасының айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер.
- 9.3. Тізбесі осы баптың 9.2-тармагында белгіленген мәселелерді Бас директордың шешіүне беруге болмайды.
- 9.4. Осы Жарғыға сәйкес оның Бас директордың құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша Директорлар кенесінің шешім кабылдауға, сондай-ақ акционерлердің Жалпы жиналасының шешімдеріне кайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жок.
- 9.5. Директорлар кенесінің негұрлым маңызды мәселелерін карау және ұсынымдарын дайындау үшін:
- 1) стратегиялық жостарлау;
 - 2) кадрлар және сыйакылар;
 - 3) ішкі аудит;
 - 4) алеуметтік мәселелер;
- 5) Қоғамның ішкі құжатында көзделген өзге мәселелер бойынша Директорлар кенесінің комитеттері құрылады, ал өзге Қоғамдарда құрылуы мүмкін.

Директорлар кеңесінің комитеттері Директорлар кеңесінің мүшелерінен және нақты комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсібі білімі бар сарапшылардан тұрады.

Аткаруыш органның басшысы Директорлар кеңесі комитетінің төрағасы бола алмайды.

Директорлар кеңесі комитетінің қалыптастыру және олардың жұмыс істеу тәртібі, сондай-ақ олардың сандық құрамы Директорлар кеңесі бекітетін қоғамның ішкі құжатымен белгіленеді.

9.6. Жеке адамға Директорлар кеңесінің мүшесі бола алады.

9.7. Директорлар кеңесінің мүшелері:

9.7.1. акционер - жеке адамдар;

9.7.2. Директорлар кеңесіне акционерлердің мүлдделерін білдіруші өкілдер ретінде сайлауға ұсынылған (ұсынысы берілген) адамдар;

9.7.3. басқа адамдар (Жарғының 9.8.-тармагында белгіленген шектеулерді ескере отырып) арасынан сайланады.

9.8. Қоғамның акционері емес және акционерлердің мүлдделерін білдіруші өкіл ретінде Директорлар кеңесіне сайлауға ұсынылған (ұсынысы берілген) жеке адам Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланған адады. Мұндай адамдар саны Директорлар кеңесі құрамының елу процентінен аспауы керек.

